



АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАР

2017 жылғы 7 қыркүйек

Қаржылық сауаттылыққа оқытуды ерте жастан бастау орынды – ҚР ҰБ

Соңғы жылдары бүкіл әлемде қаржылық сауаттылық және қаржылық білім беру мәселелеріне баса назар аударылуда, - деді Қазақстан Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Дина Ғалиева бірінші қазақстандық «Әлеуметтік-экономикалық өсу факторы ретінде қаржылық сауаттылықты арттыру» атты форумда сөйлеген сөзінде.

Д. Ғалиеваның айтуынша, халықтың қаржылық сауаттылығын арттырудың өзектілігі халықтың қаржы жүйесінің және жеке қаражатын басқарудың негіздері туралы жеткілікті түрде жоғары деңгейде хабардар болмауына байланысты. Оған қоса, қаржы өнімдері түрлерінің өсуі және күрделілігі, сол сияқты алаяқтық жалған инвестициялық схемалардың, қаржы пирамидаларының таралуы халықтың қаржылық сауаттылығы саласындағы олқылықтарды жою қажеттілігін талап етеді. «Жеткіліксіз қаржы білімі тиімсіз қаржы шешімдерін қабылдауға, жеке жинақ ақшаны жоғалтуға, жалпы алғанда қаржы институттары мен қаржы жүйесіне деген сенімді жоғалтуға әкеледі», - деп пайымдады Д. Ғалиева. «Қаржы саласындағы білім негіздері және іс жүзіндегі дағдылар барлық азаматтарға қажет. Біз, қаржылық сауаттылықты ерте жастан бастау орынды деп санаймыз, осы кезде пайдалы қаржылық дағдылар қалыптасуы мүмкін. Балаларға бала кезден бастап барлық тұрмыс –тіршілік, оның ішінде қаржы саласында жауапкершілік пен борыш сезімін дарыту қажет, бұл оларға болашақта ешқашан борышкер болмауға, өзінің қаржылық мүмкіндігін бағалауға және өз бюджетін мұқият жоспарлауға көмектеседі» - деп атап өтті ол.

ҚР ҰБ Төрағасының орынбасары бүгінде Қазақстанда қаржылық сауаттылықты арттыруға бағытталған бірқатар балаларға арналған жобалардың іске асырылып жатқандығын еске салды. «Халықаралық тәжірибеге сәйкес халықтың қаржылық сауаттылығын арттыру саласында жұмыс істейтін елдерде жетекші және үйлестіруші рөл жүктелген ұйым айқындалған. Армения, Польша, Малайзия, Сингапур, Филиппин сияқты көптеген елдерде бұл рөлді орталық банк атқарады», - деді Д. Ғалиева.

Ол Қазақстан Ұлттық Банкінің міндеттерінің бірі халықтың қаржылық сауаттылығын арттыру деп атап өтті. Қазақстанда 2007 жылдан бастап тұрақты негізде осы бағытта жоспарлы жұмыс жүргізілуде. Бұл ретте қаржылық сауаттылықты арттыру бағдарламалары шегіндегі іс-шаралар азаматтардың түрлі нысаналы аудиторияларын міндетті түрде ескере отырып жүргізіледі.

Ұлттық Банк 10 жыл ішінде халықтың қаржылық сауаттылығын арттыруға бағытталған жобалар мен іс-шаралардың бірталай кешенін іске асырды. Мәселен, 2007-2011 жылдар аралығындағы кезеңде Қазақстанда Инвестициялық мәдениетті арттырудың

мемлекеттік бағдарламасы іске асырылды. «Сол кезде коммуникациялардың барынша талап етілетін құралы ретінде телевизиялық жобаларға басты назар аударылды», - деді

Д. Ғалиева. Ол кезеңде республикалық арналардың эфиріне нарықтың барлық қаржы секторларына қатысты мәселелердің кең ауқымын қозғайтын телевизиялық бағдарламалар шықты.

Кейіннен Ұлттық Банк балалар мен жастар аудиторияларына бағытталған жобаларды жасады. «Жобалардың алғашқылары: «Қызықты қаржы» тележурнал элементтері бар балаларға арналған телевизиялық бағдарлама және Ұлттық Банктің Магистратурасында оқу басты жүлдесі болған «Ақылды ойын» студенттер мен жастарға арналған телевизиялық бағдарлама – студенттерге арналған телевизиялық интеллектуалдық викторина болды», - деп хабарлады Д. Ғалиева.

Ол бұдан басқа қаржылық сауаттылықты арттыруға бағытталған жұмыстың шегінде ҚР ҰБ ұстаздарға бастауыш мектептің балалары үшін әдістемелік материалдарды ұсынғанын, ақпарат берудің осындай құралын тарихы терең, танымал, балаларға арналған «Дружные ребята» және «Ұлан» республикалық газеттерінде балаларға түсінікті тілде белсенді пайдаланғанын, онда балаларға арналған қаржы тақырыбындағы арнайы қосымшалар шыққанын айтып берді. Балаларды ұлттық валютаның тарихымен таныстыру үшін «Ұлттық Банк 2013 жылы ақша мен ұлттық валютаның пайда болуы туралы әңгімелейтін мультипликациялық фильм түсірді және «Ақшаның тарихы» деген кітап шығарды. Сондай-ақ, балалар кітапханасымен бірге балаларға арналған Қаржылық сауаттылық күні өткізілді, банкноттар мен монеталардың ең үздік бейнесіне конкурстар ұйымдастырылып, өткізілді», - деді Д. Ғалиева.

Д. Ғалиеваның айтуы бойынша, аталған жұмыстың нәтижесі:

- азаматтардың бойында қаржылық жоспарлау және жинақтарды қалыптастыру дағдыларын дамыту;

- азаматтардың қаржылық мүмкіндіктеріне сәйкес келетін белсенді экономикалық мінез-құлқын қалыптастыру;

- мемлекеттік қаржылық қолдаудың шамадан тыс күтулерін қысқарту;

- қаржылық өнімдер мен қызметтерді тұтынушылардың қаржы секторына сенімін арттыру;

- халықтың жалпы экономикалық белсенділігін арттыру болып табылады.

«Бағдарламаны іске асырудан күтілетін болжамдық көрсеткіштерге халық жинақтарының өсуі және экономиканы кредиттеудің өсуі сияқты болжамдық көрсеткіштер жатады», - деп атап өтті Д. Ғалиева.

Қаржылық сауаттылық деңгейін арттыруға бағытталған жұмыс бүгінгі таңда да жалғасуда. «Қаржылық сауаттылықты арттыру мәселелеріне өңірлерді белсенді түрде араластыру мақсатында Ұлттық Банк өңірлік деңгейде тәжірибелі практик-дәріскерлерді тарта отырып, қаржылық сауаттылық жөніндегі дәрістерді тұрақты негізде өткізіп отырады. Қаржылық сауаттылық, қаржы жаңалықтары жөніндегі материалдар мен бейнематериалдар орналастырылатын жаңартылған fingramota.kz сайты қалпына келтіріліп, жұмыс істей бастады. Ұлттық Банк бұқаралық ақпарат құралдары, қоғамдық ұйымдар мен мемлекеттік органдардың өкілдері үшін дөңгелек үстелдер өткізу тәжірибесін енгізді, сондай-ақ базасында дәріскерлерді, бапкерлерді оқыту, қаржылық сауаттылық негіздері жөніндегі семинарлар мен тренингтер өткізу жоспарланып отырған Ұлттық Банктің оқу орталығы ашылды. Балаларға және ауқымды нысаналы аудиторияға арналған телевизиялық бағдарламаларын шығару практикасы жалғасын тапты, 2016 жылы қаржы өнімдері жөнінде буклеттер мен бейнероликтер шығарылды, олар қазіргі уақытта fingramota.kz сайтында орналастырылған және болашақта халыққа қызмет көрсету орталықтарында, қаржы ұйымдарында және Ұлттық Банк филиалдарының

қоғамдық қабылдау бөлмелерінде орналастыру жоспарланып отыр, деп сөзін жалғастырды Д. Ғалиева. «Биылғы жылы Ұлттық Банк «Дружные ребята» газеті мен «Оула» журналы сияқты кіші және орта мектеп жасындағы балаларға арналған танымал басылымдарға қосымшалар шығаруды жалғастырды, - деп атап өтті Д. Ғалиева.

Сөзін қорыта келе, ҚР ҰБ Төрағасының орынбасары қарым-қатынас пен кері байланыстың неғұрлым сұранысқа ие және тиімді құралдарының бірі - Ұлттық Банктің 2016 жылы шығарған өнімі ҚҰБ Онлайн мобильді қосымшасы болды: «Аталған өнім халықтың Ұлттық Банкпен, соның ішінде қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау және қаржылық сауаттылық мәселелері бойынша жедел өзара әрекеттесуіне арналған», - деп атап өтті.

Ұлттық Банк Қазақстандағы қаржылық сауаттылық деңгейін анықтауға ниетті

Ұлттық Банк Қазақстандағы қаржылық сауаттылық деңгейін анықтауға ниет білдіріп отыр. Бұл жөнінде ҚР ҰБ төрағасының орынбасары Дина Ғалиева «Әлеуметтік-экономикалық өсу факторы ретінде қаржылық сауаттылықты арттыру» атты бірінші қазақстандық форумдағы сөзінде мәлімдеді.

«Келесі жылы Халықтың қаржылық сауаттылығын арттыру бағдарламасын іске асыру аясында Ұлттық Банк Бағдарламаны іске асыру тиімділігінің көрсеткіші және халықтың қаржылық сауаттылығын арттыру саласында бұдан кейінгі бағдарламалық құжаттарды жасау және іске асырудағы өзіндік «бастау» нүктесі ретіндегі қаржылық сауаттылық деңгейіне әлеуметтік зерттеу жүргізуді жоспарлап отыр», - деді Д. Ғалиева.

Д. Ғалиева сондай-ақ Ұлттық Банк қаржылық сауаттылықты арттыру апталарын ұйымдастыру арқылы өңірлерде дәрістер өткізу тәжірибесін жалғастыратындығын, сондай-ақ БАҚ, қоғамдық бірлестіктер үшін арнайы семинарлар мен баспасөз іс-шараларына ерекше көңіл бөлінетіндігін атап өтті.

2018 жылы Ұлттық валюта теңгенің 25 жылдығы, осыған орай бұл оқиғаға арналған бірқатар іс-шаралар жоспарланып отыр.

ҚР ҰБ Халықтың қаржылық сауаттылығын арттырудың ұлттық стратегиясын жасау және оны одан әрі іске асыру бойынша жұмысты бастау қажет деп санайды

Қазақстан Республикасында халықтың қаржылық сауаттылығын арттырудың ұлттық стратегиясын жасау және оны одан әрі іске асыру бойынша жұмысты бастау қажет деп санаймыз. Мұндай пікірді Қазақстан Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Дина Ғалиева «Әлеуметтік-экономикалық өсу факторы ретінде қаржылық сауаттылықты арттыру» атты Қазақстанның бірінші форумында білдірді.

Д. Ғалиева 2018 жылдың аяғында Халықтың қаржылық сауаттылығын арттыру бағдарламасын іске асыру кезеңі аяқталатындығын атап өтті. Осыған байланысты Ұлттық стратегияны жасау бойынша жұмысты бастау ұсынылып отыр. Бұл жұмысқа Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігін, «Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастығы» ЗТБ-ны, қаржы ұйымдарын, жергілікті атқарушы органдарды, қоғамдық ұйымдарды, БАҚ-ты тарту ұсынылып отыр. «Біз сондай-ақ халықтың қаржылық сауаттылығын арттыру бойынша жұмысты жүзеге асыратын халықаралық ұйымдармен ынтымақтастықты жандандыруды жоспарлап отырмыз», - деп қорытындылады Д. Ғалиева.

Толығырақ ақпаратты мына телефон арқылы алуға болады:

+7 (727) 2704 585

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz